

“Bal Ayim” бөбекжай бақшасы

Балабақша – жайлы мекен

**Топ: “Балдырған” аралас тобы
Топ тәрбиешісі: Сейлова Сауле**

2023– 2024 оку жылы

Декларация
J. Еткіншірова едәл

1 – қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиын

Максаты: Білім күні үлкен мереке екенін балаларга жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматтың елжандылыққа тәрбиелу.

Көрнекілігі: Қазақстан туы, шарлар, гүлдер, ұлагатты қанатты сөздер

Барысы:

1 – жүргізуши: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, қонақтар, ата – аналар, окушылар.

Арайлы жаздың үш айын мазмұнды да, мәнді өткізіп, сағынышпен алтын үя мектебімізге оралып отырған окушыларды құттықтаймыз.

Мектеп деген білім күні, жыр күні

Мектеп деген ғылымның ең үлкені

Мектеп деген тәрбиеші адамға

Мектеп деген даналардың мекені

2 – жүргізуши: Өмір бойы мектебімді жыр етем,

Бір өзінде бақыт, білім, берекем.

Шекірттерің өрістесін, өрлесін,

Құтты болсын «Білім күнін»- мерекен!

Құрметті ұстаздар, қонақтар, ата – аналар, аяулы бұлдіршіндер! Бүгінгі сағынышқа, шатыққа толы «Алғашқы конырау» мерекелеріңіз құтты болсын!

1 – жүргізуши:

Тәуелсіздік, еркіндік сөздерінің қаншалықты мағыналы, қаншалықты қымбат екенін дәл казіргі уақыттағыдай түсінбеген шығармыз. Ешкімге тәуелді болмауды арман еткен батырларымыз наизаның үшімен, білектін күшімен күресіп құрбан болса, дуалы ауыз билеріміз қызыл тілдің арқасында ел тыныштығын сақтады.

2 – жүргізуши:

Иә, сол заманнан бері азаттық, егемендік елімнің арманы болды. Халқының қамын жеген ата – бабаларымыздың кайсар үрпағы 1986 жылы арман еткен тәуелсіздіктің туын тікти.

1 – жүргізуши: Жұздеріннен көрем шаттық арайын,

Болсын солай әрбір күнін, әр айын.

Мерекеніз құтты болсын ата – ана,

Мерекеніз құтты болсын ағайын! – деп бүгінгі мереке мектеп алды даярлық тобының табалдырығын аттайын деп отырған бұлдіршіндерге арналады.

2 – жүргізуши: Біраз жылын осында өткізген,

Ұстаздар – ізгі пәк жандар.

Қуана шекірт қабылдан,

Білімнің көшін жалғандар.

Алғашқы әріп үйретер,

Салтанат Сәбиханқызы, Сәуле Сейілқызының шекірттерімен қарсы алыңыздар!

(Музыка ырғағымен балаларды жетектеп, ұстаздары жиын өтіп жатқан алаңға шығып, ортаға 1 мәрте жүріп өтіп, арнайы дайындалған орынға келіп тұрады.)

1 – жүргізуши: Мазмұнына өрнегі жараскан, тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі желбіресін. Бірінші қыркүйек білім күніне арналған салтанатты жиылышымызды ашық деп жариялаймыз!

(әнұран ойналады)

2 – жүргізуши: Тек жүректен арналар сөзіміз де,

Жаксылықтан жараган жүрегініз.

Сөз берейік құрметпен өзінізге,
Шәкірттерге арналын тілегініз.
қонақтардың құттықтау сөзін Жаңа оқу жылымен сіздерді «Bal - Айт» бөбекжай
бақшасы менгерушісі Әсем Алтынбекқызы құттықтайды.

1 – жүргізуши: Бүгінгі мерекемізге құттықтау әнін арнайтын Сахибек Аяла
«Үйретеді» әнімен ортада.

2 – жүргізуши: Бүгін кандай шаттық тола құн еді,
Бүкіл әлем ерекше бір тұледі.

Балдырган жетектеген ата – ана,
Куаныштан жарылардай жүрегі,
Білім көзін ашатынын біледі, — деп балаларын даярлық тобына алғаш жетектеп келіп
отырған ата – аналарға қадамдарынызға гүл бітсін, армандарынызға нұр бітсін демекпіз.

2 – жүргізуши: Қадамыңа гүл бітсін деп ал халқым,
Кол соғып бір қошеметтеп тұр жалпың.

1 – жүргізуши:

Ортаға Мектеп алды даярлық тобының бұлдіршіндері келеді,
Жүрек жарды тақпактарын сіздерге айтып береді.

1 Ясина: Сәлем, саған мектебім,

Алғыстарым көп менің.

Оқу, білім, тәрбие

Ой санама еккениң.

2 Мадина: Куаныш бүгін – мереке,
Шуағын шашып тұр әлем.

Мектепке келген алғашқы,

Жан досым, саған мың сәлем.

3 Сафия: Бірінші қыркүйек құні мен
Аңқыған жұпар гүлімен

Келіп ем, қарсы алар мектебім

Сүйкімді қонырау үнімен.

4 Исмайл: Биыл мен де мектепке
Біріншіге барамын.

Мақтанбаймын мен текке,

Дайын дәптер, каламым.

5 Мұхаммеджан: Мектепке енді барамыз,
Біз окушы боламыз.

Жақсы оқып сабакты,

Кілең бестік аламыз.

6 Аяла : Алдына келіп, ұстазым,
Тұнғыш қалам ұстадым.

Күлімдеген көзіңнен

Мейірінді сезіндім.

7 Ә.Айлин: Отанның біз ұл – кызы,
Халықтың біз жұлдызы.

Оқимыз ақын – жырларын,

Оқимыз еңбек сырларын.

8 Айсауле: Сылдыrlайды, сынғыrlайды
Мектеп жақта қонырау.

Ұмытпаймыз бұл бір айды,

Гүлге толы омырау.

9 Кәусар: Гүл толы қала, дала да,
Гүл толы бүтін омырау.
Шақырып мектеп – анаға,
Соғылмақ тұнғыш қоңырау.

Ән.Хор: «Біз бақытты баламыз»

2 – жүргізуіш: Оқитын әрі жазатын,
Білімге қол созатын.

Окушы болдың, карағым,
Білімнің кілтін ашатын

1 – жүргізуіш: Қағылмақ, міне, әуенге болеп,
Қағылмақ алғаш қоңырау,
Нұр толқып жүзің, гүл толып құшақ,
Шаттыққа толсын омырау.

10. Абдулла:

Білім менің етенім
Өсу үшін өркенім
Жүзем оку айдындынында
Жайып білім желкенін

11. Муса:

Балабакша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Балапандай мәпелеп
Өсіруде бакшамыз

12. Асқар Айлин:

Қыркүйектің бірінде
Кеудем толы дірілге
Құлак түйем елендеп
«Бақша» бір күнге

13. Думан:

Білім алған өзіңмен
Дәрігер, ұшқыш, не галым
Саған ыстық сезіммен
Қарайды жұрт, мұғалім

14. Айбрхан:

Шырылдаған тыным алмай
Қоныраудың үні кандағ
Мақсатына жетеме адам
Оқу оқып білім алмай

15. Алтайр:

Қыындықтан өтуге
Армандарга жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге.
Ән: Ұстаз Ана (Өтеген Айлин)

1 – жүргізуші: Бұлдіршіндер сендерге артар міндег көп,
Көтеріндер Балабакша атын құрметтеп
Білімнің көзін аша білсек теренин
Жетелейді армандарға бұл Бақша – деп бүгінгі «Алғашкы қоңырау» атты мерекелік
жынысымызды аяқтауга рұксат етініздер.

(Музыкамен бұлдіршіндер топка кіреді)